

Қолданыстағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдерге оларда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жағдай туғызатын нормалардың болуы тұрғысында тексеріс жүргізу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 8 сәуірдегі N 82-ө Өкімі

"Мемлекет басшысының Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 210 қаулысын орындау үшін:

1. Осы өкімге 1-қосымшаға сәйкес жұмыс тобы құрылсын.

2. Орталық және өзге де мемлекеттік органдар, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы және өкілді органдары (келісім бойынша) қолданыстағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдерге оларда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жағдай туғызатын нормалардың болуы тұрғысында тексеріс жүргізу мақсатында:

1) осы өкімге 2-қосымшаға сәйкес 2005 жылғы 25 сәуірге дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) (бұдан әрі - Агенттік) қолданыстағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдерге тексеріс жүргізу кестелерін және олардың орындалу мерзімін ұсынсын;

2) осы өкімге 3-қосымшаға сәйкес мәселелердің тізбесі бойынша 1991-2004 жылдар кезеңінде қабылданған барлық қолданыстағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдерге тексеріс жүргізісін;

3) ай сайын есепті кезеңнен кейінгі әрбір айдың 5 және 20-күндеріне Агенттікке осы өкімге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпарат ұсынсын;

4) 2005 жылғы 15 шілдеге жұмыс қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі нақты ұсыныстарды, сондай-ақ оның туындауына ықпал ететін жағдайларды болдырмау жөніндегі шараларды әзірлесін және Агенттікке ұсынсын.

3. Жұмыс тобы 2005 жылғы 25 шілде мерзіміне заңға тәуелді кесімдерге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы нақты ұсыныстар бар есепті дайындасын.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) (келісім бойынша) жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 8 сәуірдегі
N 82 - ө өкіміне
1-қосымша

**Қолданыстағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық
кесімдерге оларда сыбайлас жемқорлық құқық
бұзушылықтарға жағдай туғызатын нормалардың болуы
тұрғысында тексеріс жүргізу жөніндегі жұмыс тобының
құрамы**

Баймағанбетов - Қазақстан Республикасы Экономикалық
Серік Нұртайұлы қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы
күрес агенттігі (қаржы полициясы)
төрағасының орынбасары, жетекші
(келісім бойынша)

Гимадиев - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Ильдар Каримович Нормативтік құқықтық кесімдерді тіркеу
департаментінің директоры, жетекшінің
орынбасары

Симсиве - Қазақстан Республикасы Экономикалық
Олеги Олегович қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы
күрес агенттігі (қаржы полициясы)
Инспекциясы - Ұйымдастыру-бақылау
департаменті бастығының орынбасары,
хатшы (келісім бойынша)

Әйтенов - Қазақстан Республикасы Экономика және
Марат Дүйсенбекұлы бюджеттік жоспарлау министрлігі заң
басқармасының бастығы

Әубәкіров - Қазақстан Республикасы Қаржы
Дүйсенбек Қапарұлы министрлігінің Қаржылық бақылау және
мемлекеттік сатып алу комитеті бақылау
іс-шараларын жоспарлау, есептілік және
талдау басқармасының бастығы

Бейсембинов - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Заң
Арман Нұрланұлы департаменті валюталық реттеу және
бақылау басқармасы бастығының орынбасары
(келісім бойынша)

- Бекбергенов Данияр Мұстафаұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті жеке қауіпсіздік басқармасының бастығы (келісім бойынша)
- Бексаринова Гүлнар Сәкенқызы - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі аппараты Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті заң басқармасының бастығы
- Бексұлтанов Мәди Қазбекұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Әкімшілік департаментінің директоры
- Боярина Людмила Васильевна - Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаментінің директоры
- Бірәлиев Әлжан Хамидоллаұлы - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының орынбасары
- Василинюк Татьяна Ивановна - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Заң қызметі, мемлекеттік құпияларды қорғау және жұмылдыру жұмысы департаментінің директоры
- Веснин Виктор Николаевич - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитетінің төрағасы
- Жұмабаев Нұрлан Жұмаділұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті ішкі қауіпсіздік басқармасының бастығы
- Жүсіпов Болат Темірханұлы - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Тергеу мен анықтаудың заңдылығын қадағалау департаментінің басқарма бастығы (келісім бойынша)
- Задорожный Андрей Викторович - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің Ақпараттандыру және заң қызметі департаменті заң, кадр қызметі және ақпаратты қорғау бөлімінің бастығы
- Ыбыраев Серік Сыздықұлы - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Қаржылық

реттеу департаменті директорының міндетін
атқарушы

Ишанқұлов - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын
Әділхан Меңдіханұлы басқару агенттігі жер кадастры және жер
мониторингі бөлімінің бас маманы

Кәкімова - Қазақстан Республикасы Қаржы
Гүлмәдина Кеңесқызы министрлігінің Қаржылық бақылау және
мемлекеттік сатып алу комитеті
мемлекеттік сатып алуды үйлестіру
басқармасының бастығы

Кәрімов - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
Құрмет Жанатайұлы министрлігі Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс
департаменті құқықтық жұмыс басқармасының
бастығы

Қасенова - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны
Марал Қайырбайқызы қорғау министрлігінің Нормативтік-
құқықтық қамтамасыз ету және халықаралық
ынтымақтастық департаменті құқықтық
қамтамасыз ету бөлімінің бастығы

Мамыраев - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты
Батырбек Мұратбекұлы әлеуметтік қорғау министрлігінің заң
басқармасы бастығының орынбасары

Мәнкешов - Қазақстан Республикасы Әділет
Шыңтас Жалғасұлы министрлігінің Заңға тәуелді кесімдер
департаменті директорының орынбасары

Нұрманова - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Айжан Жомартқызы Заң қызметі департаментінің қаржылық
заңнама басқармасы бюджетті атқару
жөніндегі заңнама бөлімінің бастығы

Ожаров - Қазақстан Республикасы Республикалық Ұлан
Жандарбек Кәрімұлы Қолбасшысының көмекшісі (келісім бойынша)

Орымбаев - Қазақстан Республикасы Табиғи
Ардақ Сиязбекұлы монополияларды реттеу агенттігі
төрағасының орынбасары

Рымжанов - Қазақстан Республикасы Республикалық
Мәди Рысбекұлы бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп
комитетінің құқықтық мәселелер жөніндегі
кеңесшісі

- Сайынов - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Серік Сайынұлы министрлігінің криминалдық полициясы
департаменті "К" басқармасының бөлім
бастығы
- Саңқыбаев - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен
Әмірбек Бөріұлы қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау
агенттігі өкілдігінің (Астана қаласы)
үйлестіру бөлімінің бастығы
- Сапаров - Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты
Ерлан Әскербекұлы аппаратының Ұйымдастыру-талдау
басқармасы құқықтық сараптама және
жоспарлау бөлімінің меңгерушісі
(келісім бойынша)
- Сариев - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Бақытжан Шөмішбайұлы министрлігінің аппарат басшысы
- Сыздықов - Қазақстан Республикасының Президенті
Бекболат Ермекұлы Күзет қызметінің аға офицері
- Тезекбаев - Қазақстан Республикасы Қорғаныс
Ерік Асылбекұлы министрлігі Қарулы Күштерінің Әскери
полициясы бас басқармасының бастығы
- Хайдаров - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет
Арман Шаймұранұлы істері агенттігі Мемлекеттік қызметті
құқықтық қамтамасыз ету департаменті
мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманың
сақталуын бақылау және тәртіптік
кеңестермен және комиссиялармен жұмыс
бөлімінің меңгерушісі (келісім бойынша)
- Чумаков - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
Дмитрий Валерьевич министрлігі заң қызметінің басшысы
- Шамелов - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Мирболат Ғазизұлы министрлігінің Жеке қауіпсіздік
департаменті бастығының орынбасары

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 8 сәуірдегі
N 82 - ө өкіміне

**Қолданыстағы заңға тәуелді нормативтік
құқықтық кесімдерге тексеріс жүргізу**

кестесі

P/c N	Іс-шара	Агенттікке есептік ақпаратты ұсыну мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	_____ жылы қабылданған заңнамаға талдау жасау	2005 жылғы 1 - 15 мамыр	Мемлекеттік органдар
2	_____ жылы қабылданған заңнамаға талдау жасау	2005 жылғы 1 - 15 маусым	Мемлекеттік органдар
3	_____ жылы қабылданған заңнамаға талдау жасау	2005 жылғы 1 - 15 шілде	Мемлекеттік органдар

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 8 сәуірдегі
N 82 - ө өкіміне

3-қосымша

**Қолданыстағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық
кесімдерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға
жағдай туғызатын нормаларды алып тастау үшін
қаралуы қажет мәселелердің тізбесі**

Заңға тәуелді кесімдерді тексеру кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жағдай туғызатын мынадай жайттарды анықтау қажет:

1. Мемлекеттік органдар және оның лауазымды тұлғалары қызметінің өз функцияларын жүзеге асыру кезінде нақты құқықтық регламенттелуінің болмауы.
2. Жеке және заңды тұлғаларға олардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруда сөзсіз кедергі жасайтын нормалар.
3. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, жеке және заңды тұлғалардың жекелеген санаттарына игіліктер мен артықшылықтар беру.
4. Жеке және заңды тұлғалардан, заңнамада осы адамдардың беруі көзделмеген а қ п а р а т т ы т а л а п е т у .
5. Жеке мүдделілігі лауазымдық (қызметтік) міндеттерін объективті орындауға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдайлардың болуы.
6. Мемлекеттік бақылау және қадағалау функцияларын мемлекеттік кәсіпорындарға және мемлекеттік орган мәртебесі жоқ өзге де ұйымдарға беру.
7. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға осындай қызметті мемлекеттік реттеуге, сондай-ақ оны бақылауға өкілеттік беру.
8. Нормативтік құқықтық кесімдерді қолдану кезінде сыбайлас жемқорлық құқық

бұзушылықтарды жасау ықтималдылығының шарттары.

9. Басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметіне заңсыз араласу.

10. Осы тізбеде көзделмеген, сонымен қатар қаралуы қажет өзге де мәселелер.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 8 сәуірдегі
N 82 - ө өкіміне

4-қосымша

Есеп нысаны

_____ жылғы заңға тәуелді нормативтік құқықтық
кесімдерді тексеру қорытындысы

Қабылданған күні мен нөмірі (әділет органында мемлекеттік тіркелу нөмірі, болған жағдайда)	НҚК атауы	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жағдай туғызатын нормалары бар кесімнің құрылымдық элементі	Нормативтік құқықтық кесімнің құрылымдық элементі сәйкес келмейтін мәселелер тізбесіндегі (3-қосымша) жайт	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлеуге қатысты ақпарат	Мемлекеттік органдардың НҚК-ге қатысты қолданған шаралар	
					Күші жойылған деп танылған	Өзгерістер мен толықтырулар енгізілген

Б а с ш ы

(мемлекеттік орган

басшысының орынбасары) (Т.А.Ә.) _____ (қолы)

2005 жылғы " ____ " _____